

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ**

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ**

**АКЦИЯЛАР ШЫГАРУ ПРОСПЕКТІСІНЕ  
ӨЗГЕРИСТЕР ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

*Жарияланған акциялар шыгарылымын уәкілетті органда мемлекеттік тіркеу инвесторларға осы проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныс беруді білдірмейді. Жарияланған акциялар шыгарылымын мемлекеттік тіркеуден откізген уәкілетті орган атапған құжісаттағы ақпараттың сенімділігі үшін жауапкершілік арқаламайды. Акциялар шыгарылымының проспектісі тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарастырылды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың дәйектілігі үшін жауапкершілік арқалайды және қоғам мен оның орналастырылатын акцияларына қатысты инвесторларға берілген ақпараттың дәл дәрі сенімді екендігін растайды.*

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**

**2014 ж.**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2005 жылғы 29 наурызда тіркелген акцияларды шығару проспектісіне (2005 жылғы 28 шілдеде, 2005 жылғы 18 қарашада, 2006 жылғы 30 мамырда, 2006 жылғы 04 желтоқсанда, 2007 жылғы 06 ақпанда, 2007 жылғы 18 маусымда, 2007 жылғы 17 тамызда, 2007 жылғы 02 қарашада, 2008 жылғы 02 сәуірде, 2009 жылғы 13 қантарда, 2009 жылғы 19 наурызда, 2009 жылғы 18 мамырда, 2009 жылғы 24 қарашада, 2010 жылғы 22 ақпанда, 2010 жылғы 27 мамырда, 2010 жылғы 16 шілдеде, 2010 жылғы 25 тамызда, 2011 жылғы 07 шілдеде, 2012 жылғы 25 қантарда, 2012 жылғы 16 мамырда, 2012 жылғы 20 шілдеде, 2012 жылғы 07 желтоқсанда, 2013 жылғы 06 маусымда, 2013 жылғы 28 тамызда және 2013 жылғы 08 қазанда енгізілген өзгерістерімен қоса) (шығарылым Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне № A3387 нөмірімен енгізілді) (бұдан әрі – Проспект) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Проспектінің 12-тармағындағы кесте мынадай редакцияда берілсін:

| «  |   |
|--|---|
| Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы | Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске күні екілдігін және лауазымды атқаруға кірісken күнін көрсету арқылы   |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br>Басқарма Төрағасы        | <ul style="list-style-type: none"> <li>■ <b>2009 жылғы 22 қаңтардан қазіргі уақыт бойынша – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасы;</b></li> <li>■ <b>2009 жылғы 27 наурыздан қазіргі уақыт бойынша – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы, Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</b></li> <li>■ <b>2009 жылғы 23 сәуірден қазіргі уақыт бойынша – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</b></li> </ul>   |
| Шаяхметова Умут<br>Болатхановна                        | <p><b>Оқілеттіктері:</b> «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметіне қунделікті басқаруды іске асырады, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасының жұмысын ұйымдастырады;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері Жалпы жиналышының және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;</li> <li>- үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста «Қазақстан Халық Банкі» АҚ атынан сенімхатсыз әрекет етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынасында оның құқығын білдіруге сенімхат береді;</li> <li>- ҚР-ның «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 заңында белгіленгеннен басқа жағдайда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, оларды ауыстыру және жұмыстарды шығаруды іске асырады, оларға қатысты көтермелеге және тәртіптік жаза шараларын қолданады, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның штат кестесіне сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметкерлерінің лауазымдық жалақы мөлшерін және жалақыға дербес қосымша ақы мөлшерін белгілейді, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасының құрамына кіретін және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінен басқа «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметкерлеріне төленетін сыйлық ақының мөлшерін анықтайды;</li> <li>- өзі орнында болмаған жағдайда міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысында қарастырылған тәртіппен</li> </ul> |
| 1969 жылды туған                                       |   |

|   |   |
|---|---|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</b></p>  | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске құні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken құнін көрсету арқылы</b></p>   |
| <p><b>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Басқарма Төрағасының<br/>орынбасары</b></p> <p><b>Альменов Марат Беркутбаевич</b></p> <p>1976 жылы туған</p> | <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ мүлкі мен қаражатына иелік етуді жүргізеді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысына қайшы келмейтін, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталған және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының күзырына жатқызылмаған өзге де функцияларды атқарады.</li> </ul> <p><b>■ 2007 жылғы 01 қазаннан 2012 жылғы 17 қазан бойынша – «Халық Банкі Грузия» АҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі;</b></p> <p><b>■ 2010 жылғы 23 маусымнан қазіргі уақыт бойынша – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</b></p> <p><b>■ 2012 жылғы 06 қыркүйектен қазіргі уақыт бойынша – «Халық Банкі Қыргызстан» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</b></p> <p><b>Оқилемтіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының күзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- атаптап лауазымға сәйкес қарастырылған өзге де функционалдық міндеттерді орындаиды, оның ішінде:</li> <li>- бөлшек бизнес клиенттеріне сапалы деңгейде қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да бөлшек бизнесі дамытудың негізгі бағыттарын айқындауды жүзеге асырады;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ филиалдарының клиенттеріне – бөлшек бизнес өкілдеріне «Халық» тобының қаржылық қызметтерін кешенді түрде сату есебінен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ табыстырылғын ұлғайтуға ықпал етеді;</li> <li>- бөлшек бизнес өнімдерін жылжытуға бақылау жасауды және үйлестіруді қадағалайды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ сатылым арналары желісінің жұмысының тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді;</li> <li>- жеке тұлғалар үшін банктік қызметтер нарығындағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ үлесін ұлғайтуға ықпал етеді;</li> <li>- бөлшек бизнес үшін банктік өнімдердің /қызметтердің жана түрлерін жасауды және қолдағы бар банктік өнімдерді жетілдіруді қамтамасыз етеді;</li> <li>- агенттік өнімдер /қызметтер түрін жасауды қамтамасыз етеді;</li> <li>- жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар үшін жана карточкалық өнімдер / қызметтер түрін жасауды және енгізуі қамтамасыз етеді;</li> <li>- әр клиентке жеке көніл бөліп, стандарттық банктік технологиялардың жиынтығына негізделген, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттерімен жұмыстың жана әдістерін енгізуі қамтамасыз етеді;</li> <li>- байланыс-орталығын, «Халық» тобының клиенттеріне ақпараттық-консультациялық қолдау көрсетуді дамытуды қамтамасыз етеді;</li> <li>- мынадай құрылымдық бөлімшелердің: Бөлшек бизнес департаментінің, Бөлшек өнімдер мен агенттік қызметтер департаментінің және Байланыс-орталығы басқармасының</li> </ul> |
|   |   |

|  |   |
|--|---|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінін аты, туған жылы</b></p>   | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске құні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken құнін көрсету арқылы</b></p>   |
|  | <p>жұмысына жетекшілік етеді; оның ішінде:</p> <p>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын қадағалайды;</p> <p>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындаудың үйымдастырады және бақылайды;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері еңбегінің нәтижесін бағалайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің еңбегіне төленетін акы мөлшерін анықтайды;</p> <p>құрылымдық бөлімшелерді ашуға, қайта құрылымдауға және жоюға, сондай-ақ штат санын белгілеуге қатысады;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және еңбек шарттарын бұзуға келісім береді және т.б.;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- филиалдарда бөлшек бизнеске сатуды іске асыру бойынша функционалдық бағытқа жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем және өзге құжаттарға қол қояды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдардың жұмысына қатысады.</li> </ul> |
| <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Басқарма Төрағасының<br/>орынбасары</p> <p><b>Ибраимов Аскар Изимбаевич</b></p> <p>1975 жылы туған</p> | <p>■ <b>2007 жылғы 19 наурыз – 2011 жылғы 31 қазан – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының директоры;</b></p> <p>■ <b>2011 жылғы 01 қараша – 2013 жылғы 31 желтоқсан – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры;</b></p> <p>■ <b>2014 жылғы 01 қаңтардан қазіргі уақыт бойынша – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</b></p> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- аталған қызметке сәйкес қарастырылған өзге функционалдық міндеттерді жүзеге асырады, оның ішінде:</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ шағын және орта бизнесін дамытудың негізгі бағыттарын анықтайды;</li> <li>- экономиканың басымды салаларында стратегиялық серіктестермен әріптестік қатынастар орнатуға жағдай жасайды;</li> <li>- шағын және орта бизнес клиенттеріне қызмет көрсетудің сапалы деңгейінің ұснылуын қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ филиалдарының клиенттеріне –</li> </ul>  |

|  |  |
|--|--|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</b></p>   | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске күні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken күнін көрсету арқылы</b></p>  |
|  | <p>шағын және орта бизнес өкілдеріне «Халық» тобының қаржылық қызметтерін кешенді түрде сату есебінен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ табыстылығын ұлғайтуға ықпал етеді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шағын және орта бизнес өнімдерінің қозғалысына бақылау және үйлестіруді іске асырады;</li> <li>- нарық үлесі мен шағын және орта бизнестің клиенттік базасын ұлғайтуға жағдай жасайды;</li> <li>- әр клиентке жеке көңіл бөліп, стандарттық банктік технологиялардың жиынтығында негізделген, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттерімен жұмыстың жаңа әдістерін енгізуі қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес Шағын және орта бизнеске сату департаментіне (бұдан әрі – Департамент) жетекшілік етеді, оның ішінде:</li> </ul> <p>міндеттер қояды және олардың орындалуын қадағалайды;</p> <p>Департамент қызметкерлерінің «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындаудың ұйымдастырады және бақылайды;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес Департамент қызметкерлері еңбегінің нәтижесін бағалайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің еңбегіне төленетін ақы мөлшерін анықтайады;</p> <p>Департаментті ашуға, қайта құрылымдауга және жоюға, сондай-ақ оның штаттық санын белгілеуге қатысады;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес Департаменттің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауда және еңбек шарттарын бұзуга келісім береді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- филиалдардың шағын және орта бизнеске сату бойынша функционалдық бағытқа жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем және өзге құжаттарға қол қояды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдардың жұмысына қатысады.</li> </ul> |
| <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Басқарма Төрағасының<br/>орынбасары</p> <p><b>Карабаев Даурен<br/>Сапаралиевич</b></p> <p>1978 жылды туған</p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ <b>2005 жылғы 15 сәуірден қазіргі уақыт бойынша - HSBK (Europe) B.V. басқарушы директоры;</b></li> <li>▪ <b>2007 жылғы 01 наурыздан қазіргі уақыт бойынша - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;</b></li> <li>▪ <b>2007 жылғы 30 наурыздан қазіргі уақыт бойынша – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</b></li> <li>▪ <b>2008 жылғы 19 қарашадан қазіргі уақыт бойынша (осы лауазымға қайта сайлау 2010 жылғы 27 маусымда откізілді)</b><br/>– «Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің мүшесі;</li> <li>▪ <b>2009 жылғы 08 сәуірден қазіргі уақыт бойынша –</b></li> </ul>   |

|  |  |
|--|--|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</b></p> | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске қуні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken қунін көрсету арқылы</b></p>  |
|  | <p>«Казахинстрах» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ <b>2009 жылғы 05 мамырдан 2012 жылғы 17 қазан бойынша – «Халық Банкі Грузия» АҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі;</b></li> <li>■ <b>2009 жылғы 10 шілдеден 2012 жылғы 05 қыркүйек бойынша – «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</b></li> <li>■ <b>2008 жылғы 23 қыркүйектен 2012 жылғы 15 қазан бойынша – «НБК-Банк» ААҚ (Ресей Федерациясы) Директорлар кеңесінің мүшесі;</b></li> <li>■ <b>2011 жылғы 04 қарашадан қазіргі уақыт бойынша – «Халық-Life» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</b></li> <li>■ <b>2011 жылғы 10 қарашадан қазіргі уақыт бойынша – «Халық Лизинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</b></li> <li>■ <b>2012 жылғы 31 мамырдан қазіргі уақыт бойынша - «Halyk Finance» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</b></li> <li>■ <b>2012 жылғы 12 шілдеден қазіргі уақыт бойынша - «Халық Жоба» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі</b></li> </ul> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- аталған қызметке сәйкес қарастырылған өзге функционалдық міндеттерді жүзеге асырады, оның ішінде:</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бағалы қағаздарын шығару және орналастыру арқылы капитал тартуды қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бағалы қағаздарын ұстаушылармен және бағалы қағаздар нарығының қәсіби қатысуышыларымен өзара қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді,</li> <li>- қор нарығында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның бірінші сыйыпты қарызгер ретіндегі имиджін қалыптастыруға ықпал етеді;</li> <li>- төлем агенттің қызметін көрсетуді қамтамасыз етеді;</li> <li>- облигациялар ұстаушы өкілінің қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді;</li> <li>- еншілес және қауымдас ұйымдар қызметіне мониторинг жүргізуі қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның басқа ұйымдар капиталына ұзақ мерзімдік инвестицияларын басқару жұмысына бақылау жүргізеді және үйлестіреді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ақша ағынын, қысқа мерзімді өтімділікті, бағалы қағаздар портфелін басқару жұмысына бақылау жүргізеді және үйлестіреді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның сыртқы экономикалық қызмет саласындығы жұмыстың тиімділігін қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ҚХР-дағы өкілдігінің қызметін үйлестіреді;</li> <li>- сырттан қарыз алу бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді;</li> <li>- инвесторлар базасын кеңейтуге және нығайтуға ықпал етеді;</li> <li>- шетелдік банктердің кредиттік желілер портфелін басқару жұмысына бақылау жүргізеді және үйлестіреді;</li> <li>- банкаралық ынтымақтастықтың кез келген түрі бойынша халықаралық қаржылық институттармен байланысты нығайтуға</li> </ul> |

|   |  |
|---|--|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</b></p>  | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске күні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken күнін көрсету арқылы</b></p>  |
|   | <p>ықпалдастық жасайды;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес құрылымдық бөлімшелер: Халықаралық қатынастар департаментінің, Топ капиталын басқару департаментінің, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ҚХР-дағы өкілдігінің қызметіне жетекшілік етеді, оның ішінде:</li></ul> <p>жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын бақылайды;</p> <p>жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындаудын бақылайды;</p> <p>жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің қызмет нәтижесін бағалайды және олардың қызмет нәтижелеріне қарай, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен еңбекақы мөлшерін анықтайды;</p> <p>құрылымдық бөлімшелер ашуға, оларды қайта құрылымдауга және жоюға, штат құрамын белгілеуге қатысады;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және олармен еңбек шарттарын бұзуга келісім береді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем құжаттарына және басқа да құжаттарға қол қояды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдар жұмысына қатысады.</li> </ul> |
| <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Басқарма Төрағасының<br/>орынбасары</p> <p><b>Карпикова Алия Сакеновна</b></p> <p>1970 жылы туған</p> | <p>■ <b>2009 жылғы 04 желтоқсандан 2012 жылғы 18 қаңтар бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Capital» еншілес ұйымы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>■ <b>2010 жылғы 06 тамыз – 2011 жылғы 14 қазан</b> – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қаржы директоры;</p> <p>■ <b>2011 жылғы 15 қазаннан қазіргі уақыт бойынша</b> – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</p> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- аталған лауазымға сәйкес қарастырылған өзге де функционалдық міндеттерді орындауды, оның ішінде:</li> <li>- мынадай жұмыстарды бақылайды және үйлестіреді:</li> </ul> <p>талауда жасау және бюджеттеу жүйесін құру бойынша;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ қаржылық нәтижелерін жоспарлау және бақылау, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ банктік өнімдерінің, бөлімшелерінің және бизнес-</p>   |

|  |   |
|--|---|
| Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, тұған жылы | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске күні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken күнін көрсету арқылы</b></p>   |
|  | <p>бағыттарының тиімділігін және пайдалылығын бағалау бойынша;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына негізделген бухгалтерлік есеп пен есептеменің бірыңғай әдістемесін қамтамасыз ету, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметі туралы қаржылық және ішкі есептеме жасау, оны «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басшылығына, аудитке және Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына тапсыру бойынша;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның әкімшілік-шаруашылық қызметінің есебін жүргізу бойынша;</p> <p>салықтық есеп;</p> <p>банктік операцияларды әкімшілендіру;</p> <p>банктік операцияларды есепке алу;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бас банкінде және филиалдарында қаржылық бақылауды (кейінгі) ұйымдастыру бойынша;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес мынадай құрылымдық бөлімшелер жұмысына жетекшілік ету: Бухгалтерлік еспі және есептеме, ӘШҚ есебін жүргізу, банктік операцияларды әкімшілендіру, банктік операцияларды есепке алу, салықтық есеп, контроллинг және бюджеттеу департаменттері, Қаржылық бақылау басқармасы, оның ішінде миналарды жүзеге асырады:</li> </ul> <p>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын қадағалайды;</p> <p>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындаудың бақылайды;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері енбегінің нәтижесін бағалайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің енбегіне төленетін ақы мөлшерін анықтайды;</p> <p>құрылымдық бөлімшелерді ашуға, қайта құрылымдауға және жоюға, сондай-ақ штат санын белгілеуге қатысады;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және еңбек шарттарын бұзуға келісім береді»;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- филиалдарда қаржылық бақылауды іске асыру бойынша функционалдық бағытқа жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем құжаттарына және басқа да құжаттарға қол қояды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық</li> </ul> |

|  |  |
|--|--|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</b></p>   | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске күні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken күнін көрсету арқылы</b></p>  |
|  | <p>органдар жұмысына қатысады.</p>   |
| <p><b>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Басқарма Төрағасының<br/>орынбасары</b></p> <p><b>Кишимбаева Сауле<br/>Бахтиреевна</b></p> <p>1968 жылы туған</p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>■ <b>2009 жылғы 02 ақпаннан қазіргі уақыт бойынша - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;</b></li> <li>■ <b>2009 жылғы 29 маусым қазіргі уақыт бойынша – «НБК-Банк» ААҚ (Ресей Федерациясы) Директорлар кеңесінің мүшесі Өкілеттіктері:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- аталған лауазымға сәйкес қарастырылған өзге де функционалдық міндеттерді атқарады, оның ішінде:</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да корпоративтік бизнесті дамытудың негізгі бағыттарын айқындайды;</li> <li>- экономиканың басымдықты салаларындағы стратегиялық серіктестермен серіктестік қарым-қатынастар орнатуға ықпалдастық жасайды;</li> <li>- нарық үлесі мен корпоративтік бизнестің клиенттік базасының ұлғайуына ықпалдастық жасайды;</li> <li>- корпоративтік бизнес клиенттеріне қызмет көрсетудің сапалы денгейін қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ филиалдарының клиенттеріне – корпоративтік бизнес өкілдеріне «Халық» тобының қаржылық қызметтер жиынтығын кешенді түрде сату есебінен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ табыстырығын ұлғайтуға ықпалдастық жасайды;</li> <li>- экономика секторларына және жобаларға сапалы және объективті талдау жүргізуін, сондай-ақ тәуекелдерді клиенттер үшін де, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ үшін де барынша азайту мақсатында мәмілелерге құрылымдау жүргізуді қамтамасыз етеді;</li> </ul> </li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес құрылымдық бөлімшелер: № 1 - № 3 корпоративтік клиенттермен жұмыс департаменттерінің, Кредиттік талдау департаментінің жұмысына жетекшілік етеді, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын қадағалайды;</li> <li>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындауын бақылайды;</li> <li>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері енбегінің нәтижесін бағалайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің енбегіне</li> </ul> </li> </ul> |

|   |  |
|---|--|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</b></p>  | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске күні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken күнін көрсету арқылы</b></p>  |
|   | <p>төленетін ақы мөлшерін анықтайды;</p> <p>құрылымдық бөлімшелерді ашуға, қайта құрылымдауға және жоюға, сондай-ақ штат санын белгілеуге қатысады;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және енбек шарттарын бұзуға келісім береді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- филиалдардың кредиттік талдаудың іске асыру бойынша функционалдық бағытқа жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем құжаттарына және басқа да құжаттарға қол қояды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдар жұмысъына қатысады.</li> </ul>  |
| <p><b>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Басқарма Төрағасының<br/>орынбасары</b></p> <p><b>Кособоков Станислав<br/>Сергеевич</b></p> <p>1978 жылы туған</p> | <p><b>■ 2010 жылғы 23 маусымнан қазіргі уақыт бойынша – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;</b></p> <p><b>■ 2012 жылғы 18 қазанинан қазіргі уақыт бойынша – «Халық Банкі Грузия» АҚ Кадағалау кеңесінің мүшесі</b></p> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға қайши келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды орындайды;</li> <li>- аталған лауазымға сәйкес қарастырылған өзге де функционалдық міндеттерді атқарады, оның ішінде:</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның маркетингтік және жарнама саясатын жасауды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;</li> <li>- PR саласында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның беделді саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді;</li> <li>- құжаттармен жұмыс істеу нысандары мен әдістерін жетілдіруді, құжат айналымының бірыңғай тәртібін қамтамасыз етеді, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарынан түскен құжаттардың, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдерін, басшылықтың бүйректери мен өкімдерін уақытында орындауын қадағалайды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ кепіл мүлкімен жұмыс жүргізуі қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның әкімшілік-шаруашылық қызметін бақылайды және үйлестіреді, оның ішінде мынадай мәселелер бойынша:</li> <ul style="list-style-type: none"> <li>– «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ғимараттарының құрылыш және қайта құру;</li> <li>– «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бөлімшелерін жабдықпен, материалдық-техникалық құндылықтармен уақытылы қамтамасыз ету;</li> <li>– «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да сатып алууды жүргізу</li> </ul> </ul> |

|   |  |
|---|--|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</b></p>  | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске күні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken күнін көрсету арқылы</b></p>  |
|   | <p>саясатын қалыптастыру және сақтау;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ автокөлігін тиімді және орынды пайдалану;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес құрылымдық бөлімшелер: Баспасөз қызметінің, Кеңсөнің, Жұртшылықпен байланыс және маркетингтің, Кепіл мүлкімен жұмыс департаментінің, Ресурстар департаментінің жұмысына жетекшілік етеді, оның ішінде:</li> </ul> <p>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын қадағалайды;</p> <p>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындаудың үйімдастырады және бақылайды;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері еңбегінің нәтижесіне бағалау жасайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің еңбегіне төленетін акы мөлшерін анықтайды;</p> <p>құрылымдық бөлімшелерді ашуға, қайта құрылымдауға және жоюға, сондай-ақ олардың штат санын белгілеуге қатысады;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және олардың енбек шарттарын бұзуға келісім береді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- филиалдардың тиісті функционалдық бағыттарына жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем құжаттарына және басқа да құжаттарға қол қояды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдар жұмысына қатысады.</li> </ul> |
| <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Басқарма Төрағасының<br/>орынбасары</p> <p><b>Смагулов Аскар<br/>Сагидоллаевич</b></p> <p>1975 жылы туған</p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>■ <b>2007 жылғы 01 қыркүйектен қазіргі уақыт бойынша -</b> «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;</li> <li>■ <b>2008 жылғы 07 қарашадан 2012 жылғы 18 қаңтар бойынша</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Capital» еншілес ұйымы» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы;</li> </ul> </li> <li>■ <b>2009 жылғы 25 желтоқсандан 2012 жылғы 30 мамыр бойынша</b> - «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы;</li> <li>■ <b>2010 жылғы 23 ақпаннан қазіргі уақыт бойынша –</b> «Казтелепорт» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</li> </ul> <p><b>Өкілеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> </ul>  |

|  |   |
|--|---|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, экесінің аты, туған жылы</b></p> | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске күні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken күнін көрсету арқылы</b></p>   |
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаган өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- аталған лауазымға сәйкес қарастырылған өзге де функционалдық міндеттерді атқарады, оның ішінде:</li> <li>- клиенттерге есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету сапасын арттыру;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да клиенттерге операциялық-кассалық қызмет көрсету, ақша айналымы және валюталық бақылау жұмысына қатысты бірыңғай әдістемелік саясат жасау;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да клиенттерге операциялық-кассалық қызмет көрсету және валюталық бақылау жүргізу процесінің жаңа технологиялық схемасын жасау және қолдағы бар схемасын оңтайландыру, оларды енгізу;</li> <li>- банктік операциялардың уақытында және сапалы есебін жүргізу, клиенттер шоттарын және ақша аударымдарын әкімшілендіру;</li> <li>- табыстардың өсімі мен Қазынашылықты дамыту;</li> <li>- валюталық, пайыздық тәуекелдерді және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өтімділік тәуекелін басқару және бақылау;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттері – заңды тұлғалар үшін есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету бойынша қызметтер жүргізу;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ақпараттық ресурстарын қорғау бойынша жұмысты бақылау және үйлестіру;</li> <li>- тиімділікті арттыру мақсатында бизнес-процестерді стандарттау және оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізу;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес бас операциялық директор мен мынадай құрылымдық бөлімшелердің жұмысына жетекшілік ету: Транзакциялық қызмет көрсету методологияның департаменті, Кассалық жұмыс методологияның басқармасы, Қазынашылық, Ақпараттық ресурстарды қорғау департаменті, Бизнес-процестерді оңтайландыру басқармасы, оның ішінде:</li> </ul> <p style="margin-left: 20px;">бас операциялық директор мен жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын қадағалайды;</p> <p style="margin-left: 20px;">жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшылары мен қызметкерлерінің «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындауын бақылайды;</p> <p style="margin-left: 20px;">«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері енбегінің нәтижесін бағалайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің енбегіне төленетін ақы мөлшерін анықтайды;</p> <p style="margin-left: 20px;">құрылымдық бөлімшелерді ашуға, қайта құрылымдауга және жоюға, сондай-ақ штат санын белгілеуге қатысады;</p> |

|  |  |
|--|--|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, экесінің аты, тұған жылы</b></p>   | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске күні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken күнін көрсету арқылы</b></p>  |
|  | <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және еңбек шарттарын бұзуга келісім береді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- филиалдардың тиісті функционалдық бағыттарына жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем құжаттарына және басқа да құжаттарға қол қояды;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдар жұмысына қатысады.</li> </ul>   |
| <p><b>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Басқарма Төрағасының<br/>орынбасары</b></p> <p><b>Ускимбаев Кожамурат<br/>Бейсович</b></p> <p>1954 жылы туған</p> | <p><b>■ 2007 жылғы 17 қыркүйектен қазіргі уақыт бойынша -</b><br/>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</p> <p><b>Оқиленеттіктері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- алқалық шешімдерді қабылдауда қатысады;</li> <li>- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға қайшы келмейтін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқа органдарының құзырына жатқызылмаған өзге функцияларды атқарады;</li> <li>- аталған лауазымға сәйкес қарастырылған өзге де функционалдық міндеттерді орындаиды, оның ішінде:</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қауіпсіздік саясатын, күзетін іске асыруды, проблемалы заемдардың қайтарылуын және оларды қайтару стратегиясын жасауды және стратегияны дамыту бойынша ұсыныстар енгізуі қамтамасыз етеді;</li> <li>- тиісті құрылымдық бөлімшениң өндірісіне берілген проблемалы кредиттердің қайтарылуын қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на келтірілген шығынның өтелуін, сондай-ақ мұндай залал келтіруге ықпал ететін себептерді жоюдың алдын ала шараларын жасауды және қабылдауды қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның экономикалық, ішкі, өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес құрылымдық бөлімшелер: Қауіпсіздік департаментінің, Проблемалық кредиттермен жұмыс департаментінің, Проблемалық заемдардың құқықтық қамтамасыз ету басқармасының, Өнірлік менеджменттің жұмысына, сондай-ақ инкассация және күзет мәселелеріне жетекшілік етеді, оның ішінде:</li> </ul> <p style="margin-left: 20px;">жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметін басқарады, олардың жұмысын және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның инкассациямен айналысатын еншілес ұйымының жұмысын бақылайды;</p> <p style="margin-left: 20px;">жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының алдына міндеттер қояды және олардың орындалуын қадағалайды;</p> <p style="margin-left: 20px;">құрылымдық бөлімшелерді ашуға, кайта құрылымдауға және жоюға, сондай-ақ штат санын белгілеуге қатысады;</p> |

|  |   |
|--|---|
| <p><b>Басқарма мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</b></p> | <p><b>Басқарма мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақытта атқаратын лауазымдық қызметі, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріске күні өкілдігін және лауазымды атқаруға кірісken күнін көрсету арқылы</b></p>   |
|  | <p>жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер басшыларының «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы ішкі құжаттарын және /немесе өкімгерлік құжаттарын, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ органдары мен өзге басшы қызметкерлерінің тапсырмаларын орындаудың бақылайды;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның инкассациямен айналысатын еншілес ұйымының қызметін реттейтін тиісті құжаттарға келісім береді;</p> <p>Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерін жұмыска қабылдау және олармен еңбек шарттарын бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға қатысты көтермелеу немесе тәртіптік жаза шараларын қолдану мәселелері бойынша келісім береді;</p> <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері енбегінің нәтижесін бағалайды және қызмет нәтижелеріне қарай қызметкерлердің енбегіне төленетін акы мөлшерін белгілейді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- филиалдардың тиісті функционалдық бағыттарына жетекшілік етеді;</li> <li>- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес алқалық органдардың жұмысына қатысады;</li> <li>- тиісті сенімхатқа сәйкес өз құзырына кіретін мәселелер бойынша өкілдік жүргізу немесе мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарда, оның ішінде жеке тұлғалармен қарым-қатынас жасауда, сондай-ақ үшінші тұлғалармен, халықаралық және қоғамдық ұйымдармен келіссөздер жүргізуде және өзара қарым-қатынастар орнатуда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның атынан өкілдік функциясын атқарады;</li> <li>- қауіпсіздік, күзет және проблемалы заемдар мәселелері бойынша құжаттарды бекітуді және/немесе оларға қол қоюды, оның ішінде есептер мен актілерді бекітуді, шарттарға (олардың толықтырулары мен өзгерістеріне) қол қоюды жүзеге асырады;</li> <li>- қызметкерлер мен азаматтардың хаттарын, өтініштері мен шағымдарын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жетекшілік ететін бөлімшелері қызметкерлерінің уақытында және сапалы қарастыруларын қамтамасыз етеді.</li> </ul> |

».

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Басқарма Төрағасы**

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Бас бухгалтері**



**У. Шаяхметова**

**П. Чеусов**

**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В ПРОСПЕКТ ВЫПУСКА АКЦИЙ**

**АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«НАРОДНЫЙ СБЕРЕГАТЕЛЬНЫЙ БАНК  
КАЗАХСТАНА»**

**АО «НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА»**

*Государственная регистрация выпуска объявленных акций уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения акций, описанных в проспекте. Уполномоченный орган, осуществлявший государственную регистрацию выпуска объявленах акций, не несет ответственность за достоверность информации, содержащейся в данном документе. Проспект выпуска акций рассматривался только на соответствие требованиям законодательства Республики Казахстан. Должностные лица акционерного общества несут ответственность за достоверность информации, содержащейся в настоящем проспекте, и подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно общества и его размещаемых акций.*

**Г.АЛМАТЫ  
2014 г.**

В Проспект выпуска акций АО «Народный Банк Казахстана», зарегистрированный 29 марта 2005 года (с внесенными изменениями от 28 июля 2005 года, 18 ноября 2005 года, 30 мая 2006 года, 04 декабря 2006 года, 06 февраля 2007 года, 18 июня 2007 года, 17 августа 2007 года, 02 ноября 2007 года, 02 апреля 2008 года, 13 января 2009 года, 19 марта 2009 года, 18 мая 2009 года, 24 ноября 2009 года, 22 февраля 2010 года, 27 мая 2010 года, 16 июля 2010 года, 25 августа 2010 года, 07 июля 2011 года, 25 января 2012 года, 16 мая 2012 года, 20 июля 2012 года, 07 декабря 2012 года, 06 июня 2013 года, 28 августа 2013 года и 08 октября 2013 года) (выпуск внесен в Государственный реестр ценных бумаг под №А3387) (далее – Проспект), внести следующие изменения и дополнения:

В пункте 12 Проспекта таблицу изложить в следующей редакции:

«

| Фамилия, имя, отчество члена Правления, год рождения      | Должности, занимаемые членами Правления, за последние 3 года и в настоящее время, в хронологическом порядке, в том числе - по совместительству, с указанием полномочий и даты вступления их в должности   |
|---|---|
| Председатель Правления<br>АО «Народный Банк Казахстана»   | <ul style="list-style-type: none"> <li>■ <b>22 января 2009 г. по настоящее время</b> - Председатель Правления АО «Народный Банк Казахстана»;</li> </ul>   |
